

**"Қызылорда қаласының көшелерін атау және қайта атау туралы" Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 745 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 24 қазандағы № 223 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 19 ақпандағы № 37 бірлескен қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 19 ақпандағы № 149 шешімі

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қызылорда қаласының көшелерін атау және қайта атау туралы" Қызылорда облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 745 қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 24 қазандағы № 223 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4801 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған бірлескен Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы мен Қызылорда облыстық мәслихаты шешімінің кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2014 жылғы 4 қыркүйектегі қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы бірлескен қаулы мен шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

\_\_\_\_\_ Н. Нәлібаев

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

\_\_\_\_\_ М. Тлеумбетов